

лы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығы жасасын!

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

Ленин туы

Шығуына
26-шы жыл
№ 222
(6923)
1944 жыл
Сейсенбі
7 Ноябрь
Жеке саны
20 тыйын

ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Гитлер Германиясын біржұла-та жою үшін әділетті ісіміздің толық жеңуі үшін Ленин туы астында, Сталиннің басшылығымен алға басайық!

(БК(Б)П Орталық Комитетінің Улы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдығына арнаған үндеулерінен).

ДАҢҚТЫ МЕРЕКЕ

Еліміздің еңбекшілері Улы Октябрь Социалистік Революциясының даңқты XXVII жылдығын Улы отан соғысы жағдайында күнделікті мерекелеп отыр. Кеңес халқы ерекше батыр Қызыл Армияның Улы жеңістерінің жағдайында, еліміздің экономикалық күш-қуатының барған сайын өсіп, өркендеуі жағдайында, халқымыздың моральдік-саяси бірлігінің неғұрлым нығайған жағдайында, еліміздің халықаралық беделі ұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде артып отырған жағдайда қарсы алып отыр. Кеңес халқы өзінің даңқты мерекесін бұған бір жыл өткендегіден анағұрлым күшті анағұрлым қуатты болып қарсы алып отыр.

Кеңес өкіметінің жылдарында ел еңбекшілерінің әл-ауқат, мәдениет дәрежесі анағұрлым артып, еліміздің халық шаруашылығы өркендеп, гүлденді. Отанымыз социалистік индустриялы және колхозды ел болып өсті.

Октябрь жеңістеріне сұқтанған неміс-фашистері 1941 жылғы 22 июньде елімізге түйінделіп қарақшылықпен тап беріп, бейбіт еңбекшімізге кесірін тигізді. Фашист жауыздар еліміздің халықтарын құл етпекші, Гитлерге қарсы Біріккен Ултардың жауынгерлік одағы арасында алауыздық туғызбақшы болды. Бірақ гитлершіл қанып-зерлердің бұл арам ойы іске аспап, құл-талқан болды.

Еліміздің халықтары әділетті ісіміздің толық салтанат құруы үшін, отанымыздың аман-саулығын, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін октябрь жеңістерін сақтап қалу үшін бір кісідей майданға аттанды. Олар жеңіс жолынан малын да, жанын да аямды. Кеңес қолбасшы Сталин жолдастың басшылығы арқасында қаһарман Қызыл Армияға үсті-үстіне күйрете қатты соқ беріп, неміс-фашист армиясын қайтып есің жыя алмастай жеңіліске ұшыратты. Ал, улы одақтастарымыз—Америка және Англия әскерлері соғыс қыймылдарын айыныды әскерлеріміздің жеңілісқадық шабуылымен тығыз ұштастыра отырып, жауға күйрете соққы берді. Сонымен, өткен жыл Қызыл Армия мен одақтастарымыздың армияларының улы жеңістерге жеткен жылы болды.

Елімізде мереке күні туды. Донның жазық даласынан Карпат тауларына дейінгі, Белоруссияның қалың ормандарынан Балтық теңізінің жағалауына дейінгі шабуыл ұрыстарында айыныды әскерлеріміз тамаша даңққа бөленді. Қызыл Армияның жауынгерлері, офицерлері мен генералдары өздерінің соғыс өнеріне шеберлігі мен қабілетін неғұрлым арттырып, шындай түсті. Олар ержүректілік пен батылдықтың, батырлық пен қаһармандықтың тамаша үлгілерін көрсетті.

Қызыл Армиямыз майдан шебін батысқа қарай мың километр ұзатты. Ол қазір соғыс қыймылдарын елімізден тыс жерде жүргізіп жатыр. Әскерлеріміз Норвегияда, Польшада, Чехословакияда, Венгрия мен Югославияда фашист қарақшыларға қарсы жойқын ұрыс жүргізуде. Ол Шығыс Пруссия іргесінде жаудың қуатты қорғану ше-

бін бұзып өтіп, фашистердің үңгіріне атой сала тап берді. Сонымен, фашист аюанды өз үңгірінде жою ісі басталды.

Хаснетті жеріміз неміс басқыншылардан толық дерлік азат етілді. Айыныды әскерлеріміз бен одақтастарымыздың жеңістері нәтижесінде, Европаның Гитлер құлданған елдерін азат ету ісі басталды.

Кеңес халқы даңқты октябрь мерекесін отан соғысы майдандарында да, өл ішінде де жаңа зор жеңістермен қарсы алып отыр. Мереке алдындағы социалистік жарыс бүкіл елімізде күлаш жайып, тамаша нәтиже берді. Бүкіл еліміз сияқты, біздің облыстың еңбекшілері де мерекеге лайықты тартулар әзірлеп, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығында, халық шаруашылығының тағы басқа салаларында көрнекті табыстарға жетті.

Облысымыздың өнеркәсіп орындары өндірістік жоспарларын артығымен орындап, продукция өнімін бұрынғыдан да арттыра түсті. Сөйтіп, майдан хажетін мүлтіксіз өтеуде. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері мереке күніне зор табыспен келіп отыр. Көптеген колхоздарымыз егінді жыйнап болып, мемлекет алдындағы бірінші парызын мүлтіксіз өтеді. Сөйтіп жоспардан тыс көп астық атыпты.

Бұрынғы колхозшыларының игілікті бастамасын жаппай қолдай отырып, облыс колхоздары Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыру жұмысын күшейтті. Петропавл ауданының колхоздары мемлекет алдындағы міндетті борышын мерзімінен бұрын орындап, жеңіс қорына мыңдаған пұт астық тапсырды. Совет ауданының колхоздары астық тапсыру жоспарын мереке күніне дейін толық орындап, зор табысқа ие болды. Қазір жеңіс қорына астық тапсырып жатыр.

Облысымыздың мал өсірушілері де қажірлі еңбек істеді. Осының нәтижесінде колхоздарымыздың көпшілігі малға құнарлы азық, жылы қора әзірлеп алды. Алдыңғы қатарлы колхоздар мал басын көбейту жөніндегі мемлекеттік жоспарын тыңғылықты орындап, мал шаруашылығы өнімін арттырды.

Қазір облыс еңбекшілерінің алдында күрделі міндеттер тұр. Ол—кәсіп орындарында продукция өнімін еселеп арттыру, егін бастыру және қабылдау орындарына астық тасу жұмысын күні-түні үздіксіз бірдей жүргізе отырып, мемлекет алдындағы міндетті борышты мерзімінен бұрын орындау және жеңіс қорына жоспардан тыс астық тапсыру жөнінде алған міндеттемені аброймен орындау, малды шығынсыз өсіріп, қысқы маусымға мінсіз әзірлену болып саналады. Бұл міндеттерді орындау жолында күш-қайрат жұмсау—әрбір колхозшының, жұмысшы мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ардақты борышы.

Еңбек майданында жанаямай еңбек істей отырып, еліміз бен майданға азық-түлікті, өнеркәсіпке шикі затты еселеп мол берейік.

Жауды бір жола жою үшін Ленин туы астында, Сталиннің басшылығымен алға басайық!

ӨНЕРКӘСІП ОРЫНДАРЫНЫҢ МЕРЕКЕГЕ ТАРТУЫ

МЕРЕКЕНІ ТАБЫСПЕН ҚАРСЫ АЛДЫҢ

Ет комбинатында 114 коммунист, 280 комсомол мүшесі бар. Олардың бәрі де өндірістің шешуші салаларында жұмыс істеп жүр. Мәселен, коммунистер Носова Зинченко, Гайнозов жолдастардың басқаруындағы бригадаларының мүшелерінің орқайсысы екі жұмысшының жұмысын атқарады. Олар айлық тапсырманы 150—200 процент орындайды.

Орденді бригадир, коммунист У. Ыбраев жолдастың бригадасы таңдаулы бригадалардың бірі. Ол осы ет комбинатында көптен бері жұмыс істеп келе жатқан қарт жұмысшы. Оның звеносы сентябрь айының тапсырмасын екі және үш есе арттырымен орындады. Ал Уәліс қарттың өзі айлық тапсырманы 312 процент орындап шықты.

Партия мүшесі Қ. Доскеева жолдас та күндіз және айлық тапсырмаларды 200—300 процент етіп артығымен орындап келеді. Жас коммунист малай А. Сүмсінова жолдас ет сылу цехында жұмыс істеп еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Ол бір өзі екі адамның жұмысын атқарады.

Жұмыста комсомол мүшелері мен жастар үлгі көрсетуде. Комбинатта комсомол

мүшелерінен 18 бригада құрылды. Олар ет сылу, ет боршалау және май шығару сияқты күрделі жұмыстарды атқарады. Рибина, Сорокин және Фаткуллина жолдастардың комсомол-жастар бригадалары жыл басынан бері айлық тапсырманы екі үш есе артық орындап келеді. Қазір ет комбинатында 261 стахановшы мен 118 екінділер бар. 65 таңдаулы стахановшыға бағалы сыйлықтар берілді. Олардың көпшілігі коммунистер мен комсомол мүшелері.

Мереке алдындағы социалистік жарыс жұмысшылар тобы арасында кеңінен өріс алды. Сондықтан да әрбір жұмысшылар өздеріне берілген тапсырманы орындамай цехтан шықпайды. Соның нәтижесінде комбинатта октябрьдің бірінші жартысындағы өндірістің жоспар 120,2 процент орындалды.

Үгітшілер Шулкина, Бузарева, Иличев

арасында пәрменді үгіт жұмысын жүргізуде.

Ф. АНОХИН.

Михоян атындағы ет комбинатының партия ұйымының секретарі

Қол жеткен табысты баянды етеміз

Артеліміздің коллективі мереке алдындағы социалистік жарысқа жаппай ұшта-сып, октябрь айының өндірістік жоспарын 25 октябрьде толық орындауға және жоспардан тыс бұйым өндіруді міндеттеріне алған еді. Бұл міндеттемелерді орындауда барлық жұмысшылар зор ынтамен жұмыс істеді. Соның нәтижесінде октябрь айының өндірістік жоспарын едәуір артығымен орындап, жоспардан тыс 60 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндірді.

Марков жолдас бастық болып істейтін етік тігу цехының жұмысшылары мерекені зор табыстармен қарсы алу үшін күнделік жұмыс мөлшерін 120—150 процент орындауға серт берген еді. Коллектив бұл сертін аброймен орындады. Сөйтіп артелдің ауыспалы Қызыл туына ие болды.

Киім тігу цехының тігіншілері майдан

жауынгерлерін жылы киім мен қамтамасыз ету үшін қажірлі еңбек істеп, октябрь айының өндірістік жоспарын 25 октябрьде толық орындады.

Бұл цехтан тоқу цехының жұмысшылары да қалысқан жоқ. Цех коллективі қажірлі еңбек істеп, күнделік жұмыс мөлшерін 110—120 процент орындап келеді.

Артельде мереке алдындағы социалистік жарыс кеңінен өрістетілді. Айына бір рет қабырға газеті мен листовкалар шығарылып, онда маңдай алды стахановшылардың жұмыс әдістері жазылып отырылды.

Артель коллективі қол жеткен табысты баянды етіп, жұмыс қарқынын бұрмалыда да күшейтеді.

САМАРХАНОВ,

«Пищевик» артелінің председателі.

Үш паровоз жөндеп шығарды

Жуырда Петропавл депосының коллективі Октябрь алдындағы социалистік жарыстың қортындысын шығарды. Олар поезды Луний әдісімен жүргізуде тамаша өндірістік табыстарға жетті. Социалистік жарыстың екі айы ішінде бас машинашы Мезенцев жолдастың бригадасы 80нен аса сапарға шықты. Оның тең жартысы ауыр жүкті поездар еді. Мұнымен бірге, бригада техникалық жүру жылдамдығын артық орындап, 40 тоннадан аса көмір үнемдеді.

Жарыста бас машинашы Донцов жолдас басқарған бригада мүшелері зор табысқа ие болды. Олар бір айда 40 рет ауыр жүкпен сапарға шықты. Бұл сапарларда 40 тоннадан аса көмір үнемдеді. Осы сияқты Лунийшы машинашы Рахымжанов, Батталов тағы басқа машинашы жолдастар күнделік жұмыс графигін әрда-

йым артығымен орындап отырды.

Машинашы Романов жолдастың басқаруындағы комсомол-жастардың паровозшылар бригадасы шабуылдағы Қызыл Армияның жеңістеріне жаңа өндірістік табыстарға жетумен жауап беру үшін мереке алдындағы социалистік жарысқа жаппай ұш тасып, октябрь айының жоспарын толық орындады. Олар жұмыстан тыс уақытта 2 паровозды жөндеп шығаруға міндеттенген еді. Бұл міндеттемелерін аброймен орындады.

Депонның комсомол мүшелері жұмыстан тыс уақытта екі паровозды жөндеп шығаруға міндеттенген болатын. Жастар міндеттерін іс жүзінде орындау жолында белсене еңбек істеп, жоспардан тыс 3 паровоз бен 4 электр моторын жөндеді.

Е.МАЛАЕВ.

Кеңестер Одағының Маршалы И. В. Сталинге „Жеңіс“ орденін тапсыру

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Председателі М. И. Калинин жолдас кеше, 5 ноябрьде, герман армиясын зор жеңіліске ұшыратқан және неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрес майданында жағдайды Қызыл Армияның пайдасына негізінен өзгерткен Қызыл Армияның шабуыл ұрыстарын ұйымдастырудағы және оны іске асырудағы ерекше еңбектері үшін нағрадалған Кеңестер Одағының Маршалы

Иосиф Виссарионович Сталинге «Жеңіс» орденін тапсырды.

Мұнымен қатар, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қызыл Армияда мерзімінен тыс қызмет істегені үшін генералдарды, офицерлер мен сержанттарды ордендер және медальдармен нағрадау туралы 1944 жылғы 4 июньдегі Указына сәйкес, Кеңестер Одағының Маршалы Иосиф Виссарионович Сталинге Қызыл Ту ордені тапсырылды.

Алты медальді жауынгер

Шүкір қазақтың байтақ даласында еркін өскен, ер мінезді жігіт. Ол сахараның самал желін кеудесін кере еркін жұтып, мұзатдай кең даласында еркін сайрайды.

Қорғау жау бейбіт отанымызға қан шеңгелді тырнағын сұқты. Бізден октябрдің жеңістерін тартып алмақ болды. Сарыарканың саңлақтары айыл тартып, атқа мінді. Қару асынып жорыққа аттанды. Жорыққа аттанған сай ерлердің бірі—Шүкір еді. Шүкір ең алғаш Ленинград майданына келді. Арқаның сымбатты сулу табиғатына үйренген Шүкір көпке дейін солтүстіктің батпақты жеріне дағдылана алмады. Бірақ ол бұл араның суығына үйреніп, шынығып алды.

Ол революцияның бесігі—Ленин қаласы үшін болған жойқын ұрыстарға қатысты. Шүкір—тәжірибелі жауынгер, батыр барлаушы. Қатты ұрыстардың бірінде Шүкір алдыңғы шептегі жаяу әскерлермен бірге болып, дұшпанның бекіністері жөнінде батареямыздың командиріне мәлімет берді. Сөйтіп, зеңбіректеріміздің жауға дәлдеп оқ атуын қамтамасыз етті.

Н. биігі үшін болған ұрыста жау зеңбірекшілері минометтеріміздің қай жерде тұрғанын сезіп қалып, оқ жаудырды. Батарея командирі Әбенотты шақырып алып, жаудың зеңбірегінің үнін өшіруді тапсырды. Шүкір:

—Лейтенант жолдас, бұйрығыңыз орындалады,—деп тұжырымды жауап берді де тапсырманы орындауға кірісті.

Әбенот батпақты томардың ішімен алға қарай еңбектей берді. Бұл жауынгерлік сапар Әбенот үшін өте қатер болды. Бірақ ол командирдің бұйрығын орындап шығуға бел байлады. Ол еңбектей-еңбектей жаудың зеңбірек расчетына жақын келді. Немістер қаннен қаперсіз зеңбіректен оқ атып жатты. Дәл осы кезде Шүкір үш гранатаны бір-біріне байлап жау зеңбірегіне лақтырды. Неміс зеңбірегінің күл-талқаны бірсыпырасы жер жастанды. Тірі қалған немістер үрейленіп, бет бетімен зытты.

Әбенот тапсырманы орындады да дереу кері қайтты. Бөліміне аман-есен келіп, командирге мынаны мәлімдеді:

—Бұйрығыңыз орындалды, жаудың зеңбірек расчеты талқандалып, үш гитлершіл жер жастанды.

Шүкірдің омырауындағы «Батырлығы үшін» бес медаль мен «Ленинградты қорғағаны үшін» медалі оның талай рет жауынгерлік тапсырманы орындап, талай немісті ол дүниеге жөелткендігін ыспаттайды. Алты медальді Шүкір Әбенотты бүкіл Карель майданының жауынгерлері мен офицерлері біледі. Әбеноттың тамаша ерліктері жөніндегі аңыз алыстағы ауылға да естілді.

Аға лейтенант А. СЫЗДЫҚБЕКОВ.

ӨШПЕС ДАҢҚ

Қазақ жігіті Ақәділ Сухамбаев Кеңестер Одағының Батырлары—орыс жауынгері Александр Матросов пен қазақ жауынгері Султан Баймағамбетовтың көрсеткен мәңгі өшпес ерлігімен теңдес ерлік істеп, отан үшін жанын пайда етті. Әскерлеріміздің шабуылы кезінде ол жаудың ажал өртін шашқан пулеметінің аузын өз денесімен жауып, бөліміміздің жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

Қазақ халқының ардагер ұлының мәңгі өшпейтін, болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге, жауынгерлік дәстүр болып тарайтын қаһармандық ісі жөніндегі хабар майдан жауынгерлері арасына ілезде-ақ тарады. Біз бұл хабарды атыс шебінде естідік. Ол әрбір жауынгерді қайратандыра түсіп, жаңа сезімге бөледі. Бұл—ардақты отанымызға деген сүйіспеншілік сезімі еді.

Мен Ақәділмен алғаш рет 1943 жылдың күзінде кездестім. Сырласа келе біз жерлес болып шықтық. Алыстағы туған ауыл, туған-туысқандар жайында көп әңгімелестік. Оның қолында, қазақ тілінде шығатын «Қызылжұлдыз» газеті бар екен. Ақәділ Жоғарғы Бас колбасшы Кеңестер Одағының Маршалы Сталин жолдастың 1943 жылғы 8 сентябрьдегі 269-санды бұйрығын зер сала оқыды. Бұл бұйрықта «Матросов жолдастың ұлы ерлігі Қызыл Армияның барлық жауынгерлері үшін ерліктің және батырлықтың үлгісі болуға тиіс» деп жазылған.

Ақәділ бұйрықты оқып, бір аз үнсіз тұрды, ойға батты. Содан кейін былай деді:

—Ол өз халқының адал ұлы ретінде жаң пайда етіп, батыр өлімімен опат болды. Мұндай ерлік істеу әр адамның қолынан келе бермейді.

Бір күні марш Ақәділ өзінің анасы Тойжаннан келген хатты көрсетті. Ол Жамбыл облысының Свердлов ауданындағы «Қарасу» колхозында тұрады екен. Біз тағы да туған өлке жөнінде сырласып, әңгімелестік.

Ақәділ қазақтың масаты кілем түріндей құлпытқан кең даласында өскен жігіт. Сахара табиғаты оны еркін өмірге сүйіспеншілік сезімінде тәрбиеледі. Ол кең байтақ жазық алқапты сүйген еді.

Елімізде соғыс басталды. Ақәділ әскер бөліміне келген алғашқы күннен бастап, өзінің төртіншілігі, кішілейділігі, жігерлілігімен жұрттың назарын аударды. Жаумен бірінші рет шайқасқаннан кейін, қатардағы жауынгер Ақәділ бөлімше командирі болып белгіленді.

Өзінің қарулас жолдастарымен бірге ол Белоруссия, Литва, Польша жерінен бастап Шығыс Пруссияның жақын іргесіне дейінгі жорықта зор жауынгерлік сыннан өтті.

...Біздің алдыңғы саптағы шабуыл жасаушы бөлімдеріміздің алдында арнаулы арғын қатты өзен болатынды. Жау өзеннің арғы бетінде тұрды. Бір күні бөлімше командирі Сухамбаевты шақырып алып, өзеннің арғы жағына лауын барлап келуге бұйрық берді. Бөлімше дереу әрі дұшпанға сездірмей өзеннің

арғы жағына өтті. Сухамбаев дұшпанның қорғану шебін барлап, оның егжей-тегжейіне дейін біліп келді. Сөйтіп бұл жөнінде командирге мәлімдеді.

Ақәділ бастаған бөлімше өзеннен бірінші болып өтіп, немістермен шайқасты. Алдағы бір кішкене төбешіктің арғы етегінде шағын деревня болатын. Жау үшін бұл жердің ерекше маңызы бар еді. Өйткені немістер бұл жерге ұзақ уақытқа арналған қорғаныс шебін жасап, оны қатар-қатар атыс бекіністерімен күшейткен. Өзінің осы күшіне сүйенген немістер қатты қарсылық көрсетіп жанталаса шайқасты.

Бірақ жаудың бұл тегеуріні Сухамбаевқа және оның жолдастарына кедергі бола алмады. Ол өзінің бөлімшесін ұрысқа бастап, алға ұмтылды. Сөйтіп жауынгерлерге үлгі көрсетті.

Жауынгерлерімізден бірнеше метр жерде тұтқиылдан жаудың бір пулеметі оқ шашып қоя берді. Ақәділ оған граната лақтырды. Бірақ граната ағашқа соқтығып, немістерден қашығырақ жерге түсіп жарылды. Сол мезетте оқ қолына оқ тиіп, Ақәділ жараланды. Жаңағы пулемет тағы да оқ боратып қоя берді. Ақәділ сол қолына граната алды. Жаудың оғы оның бұл қолын да жаралады. Ақәділдің денесін қан жұлып кетті. Ол қансырағанына қарамастан, барлық күшін жыйып, ағаштың тасасына шығып пулеметке қарай ұмтылды, сөйтіп пулемет аузын өз денесімен бітеді. Өлімнен тайсалмай, қамалға қарсы ұмтылған батырдың ақырғы сөзі: «Сталин үшін!» деумен тынды.

Неміс пулеметінің үні өтті. Өз командирінің өлімі үшін жауынгерлер жаудан кек алып, атой салып алға ұмтылды. Олар қолма-қол айкаста 40тан аса гитлершілдерді жайратты. Жау қатты соққы жеді. Бөлімдеріміз немістерді өкшедете қуа отырып, батысқа қарай алға басты.

Батыр Литваның жаудан азат етілген бір кішкене қаласының орталық алаңына жерленді. Жауынгерлер мен офицерлер, қапастан азат етілген кеңес адамдары кеңес халқының батыр ұлы Ақәділ Сухамбаевпен ақтық рет қоштасуға жыйналды.

Митингіне Ақәділ қызмет істеген бөлімшенің командирі аға лейтенант Петр Корсаков сөз сөйледі.

—Александр Матросовтың ерлігіне теңдес ерлік істеп, отан үшін құрбан болған Ақәділ Сухамбаевпен қоштасқалы тұрыңыз. Ол өмірді шексіз сүйетін еді. Сондықтан да ажалдан тайсалмай жауға қарсы айкасты. Ақәділ батырлықтың және азаматтық отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісі ретінде біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Литваның алыстағы тылда қалған кішкене қаласының алаңында бір ескерткіш тұр. Ескерткішке орнатылған сырлы тақтайға: «Бұл жерге, неміс басқыншыларға қарсы ұрыстарда батыр өлімімен опат болған қызылжұлдыз Ақәділ Сухамбаев жерленді» деген сөздер жазылған.

Ғазез ӘБІШЕВ.

Майдандағы Армия.

1998-зеңбірек

Старшина Шамшиннің № 1998-зеңбірегі Ленинградтан Псковқа дейінгі, Нарвадан Таллинге дейінгі болған қатты ұрыстарға қатынасып, талай сыннан өтті.

Бөлімдеріміз Н. қыстағына бекінген жауға шабуыл жасады. Алдыңғы отрядтарымыз жау шебіне жақындаған кезде немістер қарсы атаққа шықты. Немістердің үш «Жолбарыс» танкі алдыңғы отрядтарымыздың тү сыртына шықты. Жаяу әскер бөлімшелеріміздің жағдайы қиынға айналды. Қайткенде «Жолбарыстарды» жою керек болды. Шамшиннің зеңбірек расчеты орман ішіне бекінді де «Жолбарыстарға» дәлдеп оқ атты. Алғашқы оқ атылғанда дұшпанның бір танкі өртенді. Қалған танкі тері алға қарай ілгерілей берді. Шамшиннің зеңбірек расчеты жау танкітеріне бірінен соң бірі бес дүркін оқ атты. Тағы бір танкі өртеніп, үшінші «Жолбарыс» кері бұрылды.

Жаудың қарсы атақасы тойтарылғаннан кейін де Шамшиннің зеңбірегі несірлеті оқ жаудырып, жаяу әскерлеріміздің алға басын қамтамасыз етті. Батарея командирі расчеттардың жауынгерлік есебін жазатын дәптерді алды да былай деп жазды: «Старшина Шамшин басқарған № 1998 зеңбірек немістердің 18 бекінісін, 8 бақылау орнын, 7 зеңбірегін, 9 жер үйін, 4 «Жолбарыс» танкін, жүк тиеген 4 ат-арбасын жойып, 1000нан аса солдатты мен офицерін жер жастантты».

Батыр қазақ Шамшин ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін І-дәрежелі отан соғысы орденімен және «Батырлығы үшін» медалімен наградталды.

А. ТҮРҒАНОВ.

Гвардия лейтенант.

САНИТАР ДҮЙСЕНБАЕВ

Бөлімше дұшпанның бекінісіне шабуыл жасады. Жауынгерлер алға басып барады. Олармен бірге санитар Қасен Дүйсенбаев та келе жатты. Қатты ұрыс басталды. Бір шоқ тоғай түбінде қызылжұлдыз Кошетко жараланып қалды. Қалайда оны ұрыс даласынан алып шығып, дәрігерлік жәрдем көрсету керек болды. Жараланып жатқан Кошетко мен біздің аралығымыздағы ашық алаңға жаудың оғы жаңбырша жауып тұрды. Оқ жауып тұрған алаңнан өтіп жаралы жауынгерге бару оңай емес еді.

Санитар Дүйсенбаев бораған оқты елең қылмай, жараланған жауынгерге жетіп, оны ұрыс болып жатқан жерден алып шықты да дәрігерлік жәрдем көрсетті. Сөйтіп, кеңес жауынгерін ажалдан сақтап қалды.

Қасен бірнеше жауынгердің өмірін сақтап қалды. Жауынгерлер оны өте хұрметтейді.

В. ХВОСТОВ,

Ефрейтор.

Неңес Хабаршы бюросынан

5 НОЯБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 ноябрьде Шығыс Пруссияда ГОЛЬДАП қаласының солтүстік және оңтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танкітерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарды, сөйтіп оны адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратты.

БУДАПЕШТ бағытында, ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында ФОКОРУ, ОЧКАЙ, СЕРЕШИ, ВАРНЯШ, СИЛАШИ-ИШТВАН, ВАШАД, ИЛЛЕ, АНДРАШИ, ТАКШОНИ қыстақтарын алды. Анықталған мәліметтер бойынша, 2, 3, 4 ноябрьдегі ұрыстарда ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында әскерлеріміз немістер мен венгрлердің 3.000 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Сонымен, әскерлеріміз ТИССА және ДУНАЙ өзендерінің аралығында қолға түсірген неміс және венгр солдаттары мен офицерлерінің саны 4 ноябрьде кешке таман 10.518 адамға жетті.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерлерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

4 ноябрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 58 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректері мен дұшпанның 6 самолёті атып түсірілді.

Шығыс Пруссияда Гольдаптың солтүстік жағында дұшпанның жаяу әскерлері мен танкітерінің ірі күштері шептерімізге атака жасады. Жаудың атака жасауына оның артиллерия және миномет батареяларынан оқ жаудырылуы жәрдемдесті. Қатты ұрыстан кейін дұшпан кері шегінуге мәжбүр болды. Бірақ немістер тезінен қайта атака жасады. Ұрыстар жиі-жиі қолма-қол айкаса ай

налып тұрды. Кеңес бөлімдері жаудың тегеуірініне төтеп беріп, гитлершілдердің атакаларын тойтарды. Гольдап қаласының оңтүстік жағында да қатты ұрыстар болды. Немістер ұрысқа барған сайын жаңа бөлімдерін жұмсап, әлде неше рет қарсы атака жасады. Кеңес жаяу әскерлері мен артиллерияшылары қатты ұрыстарда дұшпанды орасан көп шығынға ұшыратты. Екі күнгі

ұрыстар кезінде әскерлеріміз немістердің 2.000дай солдатты мен офицерін қырып салды. Дұшпанның бірнеше ондаған танкі, өзілігінен жүретін зеңбіректері мен бронетранспортерлері жойылды.

Будапешт бағытында, Тисса және Дунай өзендерінің аралығында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Цеглед қаласы ауданында Н. құрамасының бөлімдері бірнеше елді жерлерді алды. Немістерден 4 танкі, 2 бронетранспортер және бірнеше зеңбірек қолға түсірілді. Цеглед-Будапешт және Кешкет-Будапешт тас жолдары ауданында қатты ұрыстар болды. Немістер қайткен күнде кеңес әскерлерінің алға басын бөгеге тырысып, 4 танкі дивизиясы мен бір эсэсшілер дивизиясын ұрысқа жұмсады. Олар қорғану үшін кеңінен өрістетілген каналдар жүйесін пайдаланды, сөйтіп бұл каналдарды танкке қарсы жасалған орлары бар, өту үшін қиын шептерге айналдырды. Кеңес жаяу әскерлері мен танкішілері ұрыстың нәтижесінде Будапешттен 15 километр жердегі дұшпанның бірсыпыра бекіністерін алды. Кеңес бөлімдері жаудың қарсы атакаларын тойтара отырып, ұрыспен алға басуда. Күн тәулік ішінде дұшпанның бір полктей жаяу әскерлері жойылды. Немістердің 28 танкі өртелді, қыйратылды.

Кеңес ұшқыштары ауа райының қолайсыз болуына қарамастан неміс және венгр әскерлеріне соққы беруде болды. Әуе ұрыстарында дұшпанның 5 самолёті атып түсірілді.

Қызылтулы Балтық флотының кемелері Балтық теңізінде немістердің 8 мың тонналық 2 транспортын суға батырды.

Немістердің 549-жаяу әскер дивизиясының біртоп солдаттары Қызыл Армия жағына шықты. Қызыл Армия жағына шыққан дардың бәрі—Эльзастық француздар мен неміс армиясына зорлап мобилизацияланған адамдар. Солдат Жан Л. былай деді: «Француз халқына опасыздық жасаушылардың көмегімен немістер француз армиясын жараксыздандырды. Неміс оккупациясы кезінде мындаған француз отаншылары фашистік бас кесерлердің қолынан қаза тапты. Қызыл Армия мен Одақтастар әскерлерінің батыстағы тамаша жеңістері және немістерді Франция жерінен қуу бізді қуаныш, үмітке бөлеуде. Өздерінің асқан ерліктері арқылы бүкіл дүние жүзін фашистік тобырлардан құтқарушы орыс солдаттарына, офицерлері мен генералдарына шын жүректен алғыс айтып, оларға мықласпен хұрмет білдіреміз».

БАРЛЫҒЫ МАЙДАН ҮШІН, БАРЛЫҒЫ ЖЕҢІСІМІЗ ҮШІН!

МЕРЕКЕ АЛДЫНДАҒЫ ТАБЫСТАРЫМЫЗ

Біздің колхоз соғыс күндерінде майдан астындағы борышын мүлтіксіз өтеп келеді. Колхозда адам күші соғыстан бұрынғымен ыстырғанда әлде қайда кем. Колхоз іттерінің көпшілігі майданға кетті. Олар қорыны қарттар, әйелдер, жас өспірімдер басты. Еңбекке зейін салта талантануы ижесінде олар күрделі жұмыстарды да ағыдай атқарып жүр.

Біз мол егінді толық жыйнап, мемлекет астық тапсырудың жылдық жоспарын процент орындадық. Бұл жұмысқа алғашқы ерте әзірлендік. Қолда бар күн күні бұрын реттелді. Колхозшылар пісшімен-ақ, жұмысқа кірісуге әзір еді. Бұл үшін әрбір сағат уақытты өнім айналымына қарай пайдаландық. Сөйтіп, нақты іске кірісу уақытта жұмыстың сапалы болуын қамтамасыз етті.

Ішкілер стахановшы колхозшылардың әжрибелерін көпшіліктің игілігіне айырды. Олардың жұмыс тәжірибесі қағаз беттерге мен жауынгерлік листовкаға жазылды. Социалистік жарыс кеңірек өріс алды. Озаттар саны көбейді. Ұрманы орындамаған бірде-бір колхоз болмады. Жас лобогрейкашы Бектемі-Ақышев, Войтенко жолдастар екі кіші жұмысын атқарып, жұмысты әрі тез, апарды істеудің үлгісін көрсетті. Олар өз егін ораса, түнде комбайнмен астық жинап, мемлекетке астық тапсыру қаржы тездету үшін колхоз басқармасына жеткізді. Сөйтіп, олар күнделік тапсыру жұмыс-төрт есе орындап отырды. Руем бастығы Қ. Қасенова жолдас тагісін көрсетті. Ол өзінің басқаруында-еруеншілермен қырмандағы астықты дереу қабылдау орнына өткізді. жастағы қарт колхозшы Жалбай Бақолшалғышылар бригадасын басқарды. Төрт жас өспірімді қол шалғын орауға үйретті. Жалбай қарт басқармашылар бригадасы 78 гектар орып, бір лобогрейканың 15 күн жұмысын істеді.

Мемлекетке жоспардан тыс 600 пұт асырапсыздық. Колхоз мүшелерінің мерекелік тапсыруы, осылар.

Е. ҚУСАЙНОВ.

Мамлют ауданындағы «Көктерек» колхозының председателі.

Міндеттемемізді аброймен орындадық

Совет ауданының колхозшылары, МТС-тар мен совхоздарының жұмысшылары Украина колхозшыларының астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау және Қызыл Армия қорына астық тапсыруда социалистік жарысты барған сайын өрістету жөніндегі үндеуін талқылағанда, астық дайындау жоспарын 5 ноябрьге дейін толық орындап шығуға және Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 18 мың пұт астық тапсыруға міндеттенген еді.

Колхозшылар, МТС-тар мен совхоз жұмысшылары бұл міндеттемелерін мүлтіксіз орындап шықты. Олар 6 ноябрьге дейін астық дайындау жоспарын 100 процент орындады. Мұнымен бірге, батыр Қызыл Армияның жеңіс қорына 5 мың пұттай астық тапсырды. 18 колхоз Қызыл Армияның астық қорына жоспардан тыс астық тапсыру ісіне кірісті.

Мал өсірушілердің мерекеге тартуы

Малдың қолға қарайтын күндеріне аз уақыт қалды. Бұл жауапты кезеңге Полудень ауданындағы «Қызыл ту» колхозының малшылары жазғы күндерден бастап даярлаған еді. Пішеншілер бригадасы мол мал азығы қорын жасады, ағаш шеберлері жылқы, сыйыр, бұзау және қой-ешкі тұратын қораларды жөндеді. Мал дәрігерлері малдардың денсаулықтарын байқап, қойларды жуу жұмысын жүргізді.

Пішеншілердің қажірлі еңбегі нәтижесінде колхозда бір қысқа толық жететін мал азығы дайындалды. Шопан Әлиев, сауыншы Воробьева, бұзаушы Смеренская жолдастар тағы бұл іс-шаралары мал азығын дайындауға белсене қатынасты. Мұнымен бірге, олар өздеріне тапсырылған жұмысты да тыңғылықты атқарды. Даярланған пішеннің жартысынан көбі мал қыстауларына тасылды. Қоғамдық малға деп 400 гектар егінің соломасы маяланды.

Колхоз малшылары октябрь алдында көп жұмыстар істеді. Олар Ақмола облысы Ақмола ауданының Сталин атындағы колхоз мүшелерінің үндеуіне үн қосып, октябрь алдындағы социалистік жарысқа ұштасқанда:

тапсыру ісіне кірісті.

Алдыңғы қатарлы колхоздарымыз Қызыл Армия қорына жоспардан тыс астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын бұлжытпай орындады. Жеңіс қорына «Үш қызыл» колхозы 600 пұт, «Игілік» колхозы 600 пұт және Киров атындағы колхоз 600 пұт сапалы астық тапсырды.

Киров атындағы ауыл шаруашылық артелинің мүшелері (председателі Мүсірәлин жолдас) Қызыл Армияның астық қорын молайта беруде тамаша игілікті бастамаға жаршы болды. Олар өздерінің меншікті қорынан жеңіс қорына 720 пұт астық тапсырып, барлық аудан еңбекшілерін өздерінен үлгі алуға шақырды.

Р. МҰХАМЕДИЯРОВ,

ҚК(б)П Совет аудандық комитетінің секретарі.

—Данқты октябрь мерекесін жаңа табыстармен қарсы аламыз,—деді.

Мал өсірушілер сөздерін іспем ақтады. Шопан Т. Әлиев жолдас 93 саулықтан 128 қозы алып, аман өсірді. Колхоз басқармасы оның еңбегіне қосымша ақыға екі қой берді.

Бұзаушы А. Смеренская жолдас колхоз малын өсіре беру жолында аянбай жұмыс істеп келеді. Ол қарауына берілген бұзауларды шығынсыз өсіріп, олардың тәуліктік салмағын жоспардан анағұрлым артық арттырды. Бұл еңбегі үшін Смеренская жолдас еңбегіне қосымша ақыға бір бұзау алды.

Сауыншы Воробьева жолдас колхозшылар арасында зор беделге ие болды. Ол сүт сауу тапсырмасын анағұрлым артық орындады.

Колхоз мал өсірушілері қоғамдық малға жылы қора әзірледі. Сөйтіп, қоғамдық малды қыстатуға үлгілі әзірленді. Міне, олар октябрь мерекесіне осындай тартулар әзірледі.

Н. ВОРОПАЕВА,

Полудень аудандық «Стахановец» газетінің редакторы.

Қызыл Армия қорына астық тапсырды

Мамлют ауданындағы Интернациональ-ный МТСның тракторшылары мен комбайншыларының мәслихаты болып өтті. Бұл мәслихатта ауыл шаруашылық жұмыстарын аяқтау және Қызыл Армия қорына астық тапсыру жөніндегі Кеңестік Украина колхозшыларының үндеуі талқыланды.

ҚК(б)П облыстық комитетінің өкілі Бреус жолдас бұл жөнінде қысқаша сөз сөйлегеннен кейін «Красная нива» колхозының тракторшысы Сизоленко жолдас сөз алып, быдай деді:

—Батыр Қызыл Армия кеңес жерінің арлығын дерлік неміс басқыншылардан тазартты. Жауды өз үңгірінде жоюымыз керек. Ол үшін Қызыл Армияға ел көмегін еселеп күшейтуге тиіспіз. Мен меншікті қорымнан Қызыл Армия қорына 18 пұт астық тапсырамын.

«Свободный труд» колхозының тракторшысы Рымаков жолдас Сизоленко жолдас тың бұл бастамасын қызу қолдады.

—Туысқан Қызыл Армияға,—деді ол,—мен өз қорымнан 12 пұт астық бөлемін. Отанды қорғаушылар жауды аяусыз соққылайтын болсын.

«Путь октября» колхозындағы трактор ортадының бригадирі Игишев жолдас Қызыл Армия қорына 50 килограмм астық тапсырды. «Росток социализма» колхозының тракторшысы, майданшының әкесі Қарабаев жолдас жеңіс қорына 6 пұт астық тапсырды.

Мәслихатқа 48 адам қатысты. Олар Қызыл Армияның астық қорына 200 пұттай астық бөлді.

М. ЕГІЗБАЕВ.

КОЛХОЗҒА КӨМЕК

Әскери сауда бөлімінің (бастығы Буричков жолдас) коллективі быыл өздерінің көмекші шаруашылығында тынбай жұмыс істеп мол егін өсірді және оны дер кезінде ысырапсыз жыйнап алды.

Әскери сауда бөлімінің қызметкерлері Кеңестік Украина колхозшыларының үндеуіне үн қосып, қажірлі еңбек істеді. Олар Қызыл Армия қорына жоспардан тыс 84 пұт астық тапсырды.

Мұнымен бірге, сауда бөлімінің қызметкерлері колхозды ауылдың егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарына зор көмек көрсетті.

С. БЕРТІСОВ.

Облыс еңбекшілерінің отаншылдығы

Н. МҰСТАФИН,

Еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесі атқомінің председателі

отан соғысқа ел еңбекшілерінен күш-жігерді жеңісіміздің мүддесі құмсауды талап етеді. Облысымыз еңбекшілері осы талапқа сай еңбек майдан алдындағы ардақты міндет-сі жүзінде орындап келеді. Олар еліміздің азық-түлікті, өнеркәсіпке атты және соғыс хажетіне қаржыны ым мол беруде.

Бұл жылдарында шығарылған Мемлекеттік Соғыс қарыздары облыс еңбекшілері да ерекше белсенділікпен таратыл-ғар тек ғана Үшінші Соғыс қарызын кезінде 51 миллион 280 мың сом облигациясына жазылды. Сөйтіп қол-дар, жұмысшылар мен қызметкерлер ілікті істе отаншылдықтың жарқын-н көрсетті.

Бұл елімізде төртінші ақшадай-зат-терей билеттері таратылды. Облыс ілврі соғыс қажетін қаржыландыру-ына бұлағы болып саналатын жаңа-ның шығарылуын зор ықпалмен қар-ы. Сөйтіп, олар 9 миллион 831 мың лотереясына жазылып, оның-он 467 мың сомын қолма-қол ақ-тапсырды. Ақшадай-заттай лотереяға-және оның сомасын қолма-қол те-де әсресе Совет ауданының еңбек-амаша үлгі көрсетті. Олар 713 мың лотереясына жазылып, ақшасын-л тапсырды.

Облыс колхозшылары қазыналы егін дала-сында тынбай еңбек істеді. Бұл қажірлі-еңбек жемісті болды. Быыл бітік егін-өсірілді. Оны дер кезінде ысырапсыз жый-нап алуға және мемлекет алдындағы мін-детті борыштарын мүлтіксіз орындауға-колхозшылар мен совхоз жұмысшылары-барлық күшті жұмылдырды. Осының нәти-жесінде облысымызда егін орау жұмысы өт-кен жылға қарағанда едәуір ерте аяқтал-ды. Көптеген колхоздарымыз бен совхоз-дарымыз мемлекет алдындағы міндетті бо-рышын мерзімінен бұрын орындады. Совет ауданындағы Елтай, Куйбышев атындағы, «Қызыл ағаш» колхоздары, Полудень ауд-анындағы «Искра», «Сталинец», «Красное-знамя» колхоздары, Мамлют ауданындағы «Красный орел» колхозы және Приешім ауданындағы «Рябиновка» колхозы мемле-кет алдындағы парызын облыста бірінші-болып мерзімінен бұрын өтеп, үздік табыс-қа жетті. Совхоздарымыз 25 октябрьге де-йін астық дайындау жоспарын артығымен-орындап, мемлекетке жоспардан тыс сан-мындаған пұт астық тапсырды.

Колхоз, совхоздардың егін дала-сында мереке алдындағы социалистік жа-рыс кеңінен өріс алды. Колхозшылар, тра-кторшылар, комбайншылар және ауыл ша-руашылығы мамандары егінді дер кезінде-ысырапсыз жыйнап алып, астық тапсыру-жоспарын мүлтіксіз орындау күресінде аян-бай еңбек істеді. Шағын астық совхозы-

ның комбайншысы Н. Кудайбергенов жо-лдас басқарған агрегат 924 гектар егін жый-нады, Будаев МТСның жас комбайншысы-Янкин жолдас бір комбайнмен 847 гектар-егін бастырды. Мұндай жаңқырлық еңбек-істеген колхозшылар, тракторшылар мен-комбайншылар бізде жүздеп саналады.

Колхозшылардың еңбегі нәтижелі болды. Мамлют ауданындағы «Память Кирова» колхозының Морозова жолдас басқарған-мол өнімшілер звеносы 4 гектар егін ала-ңының әр гектарынан 210 пұт өнім алды. Звено мүшелеріне қосымша ақыға 12,5-центнер бидай, 2,5 центнер арпа берілді.

Кеңестік Украина колхозшылары еліміз-дің колхозшыларын астық тапсыру жо-спарын мерзімінен бұрын орындау және-Қызыл Армия қорына жоспардан тыс ас-тық тапсыру үшін социалистік жарысты-өрістетуге шақырды. Облыс колхозшылары-бұл игілікті бастаманы ықпалмен қарсы ал-ды. Сонымен, 15 ноябрьге дейін астық да-йындау жоспарын толық орындап, Қызыл-Армия қорына жоспардан тыс 200 мың-пұт астық тапсыруға міндеттенді.

Колхозшыларымыз алған міндеттемелерін-аброймен орындауда. Петропавл ауданында-ғы «Луч Ленина» колхозы қазірдің өзінде-мемлекетке жоспардан тыс 3744 пұт, «Земледелец» колхозы 2436 пұт, Комин-терн атындағы колхоз 2412 пұт, Мамлют-ауданындағы «Красный орел» колхозы-1200 пұт астық тапсырды. Совет ауданы-ның колхоздары астық тапсыру жоспарын-толық орындап, жеңіс қорына жоспардан-тыс астық тапсыру ісін күн санап күшей-туде. Мұнымен қатар, колхозшылар ара-сында меншікті қордан астық тапсыру ісі-де өріс алды.

Бірсыпра колхоздар мал өсіру жөнінде-гі мемлекеттік жоспарды түліктің барлық-түрінен толық орындап, мал қыстату мау-сымына сақадай-сай әзірленді, мал жылы-қора, құнарлы азықпен қамтамасыз етілді. Полудень ауданындағы «Қызыл ту», Прес-нов ауданындағы «Талын», Совет аудан-ындағы «Сартмар», колхоздары мал қыс-татуға толық әзірлік жөнінде бірінші бо-лып аттестат алды.

Октябрь алдындағы социалистік жарыс-тың кейбір нәтижелері осылар. Бірақ, бұл-табыстармен тынғуға ешбір болмайды. Ауыл шаруашылық жұмыстарының негізгі-салалары әлі аяқталған жоқ. Облысымыз-да мемлекетке астық тапсыру жоспары-орындалған жоқ. Бірталай колхозда-рымыз түлік өсіру жөніндегі жоспарды жә-не мал шаруашылығы өнімін тапсыру-жөніндегі міндеттемелерін орындай алмай-келеді. Бірсыпра колхоздарда мал қыстату-ға әзірлік жұмысы ойдағыдай болмай отыр. Ал, облысымыз Қызыл Армия қорына жо-спардан тыс 200 мың пұт астық тапсыруға-міндеттенсе, бүгінгі күнге дейін бұл іске-34 колхоз ғана кірісіп, олар жоспардан-тыс 25 мың 700 пұт ғана астық тапсырды.

Міндеттенген екенсің—орында, серт бер-ген екенсің—сертінде тұр. Бұл істің та-бысты болуының негізгі шарты. Еліміз бен-майдан алдында алған міндеттеменің бар-тық жауапкершілігін жете түсіну қажет. Ол үшін егін бастыру және астық тапсыру-жұмыстарын тәулік бойына үздіксіз жүргі-зетін болайық. Қоғамдық малды барған-сайын өркендете берудің негізгі шарты—мал қыстатуға әзірлікті үлгілі аяқтайық. Еліміз бен майдан ел еңбекшілерінен осы-ны талап етеді.

Төртінші ақшадай-заттай лотереяның таратылуы

Облысымыздың колхозшылары мен колхозшы әйелдері арасында 6 миллион 200 мың сомның төртінші ақшадай-заттай лотереясы таратылып, оның 2 миллион 810 мың сом қолма-қол жыйналды. Жұмысшылар мен қызметкерлер 3 миллион 536 мың сомның лотереясына жазылып, 940 мың сомның лотерея билеттерін қолма-қол ақшаға сатып алды.

Төртінші ақшадай-заттай лотерея билеттерін таратуда бұрынғыша Совет, Преснов және Петропавл аудандары, мұнымен бірге Петропавл қаласы алда келеді. Бұларда лотереяға жазылған соманы қолма-қол жыйнап, жыйнақ кассасына тапсыру ісі күн санап өріс алууда.

Мереке күндерінде

Қала еңбекшілері Улы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдық мерекесін зор қуанышпен қарсы алды. Қаланың өнеркәсіп орындарында, оқу орындарында, мекемелерінде ұлы мерекеге арналған салтанатты жыйылыс болып өтті.

Кешке облыстық драма театрында қаланың партия, комсомол және қоғам ұйымдары өкілдерінің ұлы мерекеге арналған салтанатты жыйылысы болды. Жыйылыста Улы Октябрь Социалистік Революциясының 27 жылдық мерекесі туралы ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі Суриков жолдас баяндама жасады. Салтанатты жыйылыстан кейін «Жеңіс-жек» постановкасы көрсетілді.

Калинин атындағы қазақ орта мектебінің оқушылар коллективі мереке күніне арнап «Алуан-алуан» пьесасын қойды.

Пионерлер үйінің жас өнерпаздары бүгін мектеп балаларының туысқандарына арнап үлкен концерт көрсетпек.

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВА.

Жәлел батыр майданға жүріп кетті

Дақты жерлесіміз, Кеңестер Одағының батыры гвардия аға лейтенант Жәлел Қизатов Ленин ауданындағы өзінің туған ауылы «Бұлақ» колхозында болып, аз уақыт демалды. Қизатов жолдас ауданның бір сыра колхоздарын аралап, Петропавл қаласының өнеркәсіп орындарында болып, олардың жұмыстарымен танысты.

Жуырда дақты жерлесіміз Жәлел батыр қайтадан майданға жүріп кетті.

ЖАСТАРДЫ ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӨРБИЕЛЕЙМІЗ

Дақты Қызыл Армияның тамаша жеңістері жігерімізді одан сайын арттырып, жаңа оқу жылында алдымызға қойылған міндеттерді мүлтіксіз орындауға жұмылдырды. Мектеп коллективі оқудың бірінші күні, неен бастап-ақ игілікті іске кірісті. Осының нәтижесінде мектептен оқуға тиісті 346 бала оқуға түгел қамтылды. Қазір оқушылар 15 классқа бөлініп, екі сменамен оқиды. Мектепте алғашқы жыл оқыттын 7 жасар балалар да оқуға тегіс тартылды. Оқушылар керекті қағаз-қарындаш, оқу құралдарымен жабдықталды. Шеттен келген оқушылар үшін жатақхана ойдағыдай дайындалды.

Мектебіміз тәжірибелі оқытушылармен толық қамтамасыз болды. Мұғалімдер Ташжанова, Кривоносов, Гаврилова және Мүсірепов жолдастары өздерінің барлық білімі мен өнерін оқытушыларға саналы білім, саналы тәрбие беру ісіне жұмсауда.

Еңбек өнімін арттыру— майданға көмек

Мен ет комбинатында жұмыс істегелі 17 жыл болды. Содан бері ет сылу цехында жұмыс істеймін. Білек сыбана кіріскен жұмыс қыйын болмады. Әуелде жұмысқа тосырқасамда, артынан дағдыланып жаттығып алдым. Жұмыс мөлшерін орындамаған күнім жоқ. Отан соғысы басталған кезде менімен бірге жұмыс істеп жүрген ер жұмысшылардың біразы майданға аттанды. Енді олардың орнын басуға тура келді. Бұрын бір кісінің орнында жұмыс істесем, енді 2—3 кісінің жұмысын атқару керек болды. Ол үшін соғыстан бұрынғы әдісті өзгертіп, соғыс талабына сай жұмыс істеуге күш жұмсадым. Соның нәтижесінде бір сменада төрт мың консерві өндіруге жеттім. Сөйтіп, соғыс басталғалы бесжүзшілер қатарына қосылдым. Комбинат дирекциясынан әлде неше рет алғыс және бағалы сыйлықтар алдым.

Үкметіміз менің қажірлі еңбегімді жоғары бағалап, өткен жылы мені Ленин ордені

мен наградтады. Бұл жоғарғы награда еңбекке деген жігерімді бұрынғыдан да арттырды.

Менің міндетім тапсырманы артығымен орындау ғана емес, онымен бірге, өндіріске жаңа келген жастарға көмектесу, олардың фабрик-завод мектебінен алған білімін жұмыс тәжірибесімен ұштастыру болып табылады. Мен мұндай жастардан Семенова, Ребина, Пителина және Доскеева жолдастар сияқты үшжүзшілер тәрбиелеп шығардым. Ал өзіме тапсырылған айлық тапсырманы 550 процент орындадым. Мереке қарсаңында күнделік жұмыс тапсырмасын 550—600 процент орындап отырдым.

Еңбек өнімін арттыра беру—батыр Қызыл Армияға зор көмек екенін мен еш уақытта ұмытпаймын.

Зағыйпа ТАБЫЛДИНОВА.

Микоян атындағы ет комбинатының Ленин орденді жұмысшысы.

МЕНИҢ СЕРТІМ

Октябрь алдындағы социалистік жарыста октябрь айының өндірістік тапсырмасын 120 процент орындап, ай сайын 25 тонна көмір үнемдеуге, поездың техникалық жүру шапшаңдығын сағатына 2—3 километр артық орындауға серт беріп өдім. Берген сертті іс жүзінде орындау үшін жұмыста аянбай күш жұмсадым. Жұмысқа мерзімінен бұрын келіп, паровоздың жүруге жарамдылығын байқадым. Осының нәтижесінде сапарға шыққан сайын паровоздың жүру шапшаңдығын сағат сайын 2—3 километрге дейін арттырып, оның тәуліктік жүру шапшаңдығын 800—900 километрге жеткіздім, ай сайын 25 тонна көмір үнемдедім. Ұзақ сапарға шыққанда смена сайын 20—30 сағат бойына үздіксіз жұмыс істейтін уақыт жиі кездеседі. Бұл істі де аброймен атқардым.

Өнегелі жұмыс істегенім үшін бірнеше рет бағалы сыйлықтар алдым. Быйыл үздік паровозшы белгісімен наградталдым. Бұл наградқа жауап ретінде майдан жүгін тез жеткізу үшін қажірлі еңбек істедім. Ай сайын ауыр салмақты поезбен 15—20 рет сапарға шығып, күнделік жұмыс мөлшерін біржарым есе артығымен орындап келемін.

Октябрь айының жұм тасу жөніндегі жоспарын едәуір артығымен орындап, жұмыстан бос уақытта паровозды жөндеу жұмысына қатыстым.

Ноябрь айының өндірістік жоспарын бір жарым есе артығымен орындауға бүгін мереке күні серт беремін.

Темірбек АХМЕТОВ,
Петропавл депосының машинашысы.

Тапсырманы артығымен орындайды

Петропавлдағы «Друг коопераций» артелинің (председатель Багатов жолдас) жұмысшылар коллективі октябрь айының өндірістік жоспарын 101,8 процент орындап, октябрь мерекесін өндірістік зор табыстармен қарсы алды.

Коробков жолдас басқаратын жүн түтетін цехтың жұмысшылары барлық мүмкіншілікті өндіріс мүдделеріне сай пайдалану нәтижесінде октябрь айының өндірістік тапсырмасын 130 процент орындап, артельде бірінші орынға не болды. Бұл цехта жұмыс

істеуші стахановшы Ливицкая жолдас күнделікті жұмыс жоспарын үнемі 150—170 процент орындап келеді.

Поповцев жолдас басқаратын пима басты цехтың коллективі октябрь айының өндірістік жоспарын орындауда зор табыстарға не болды. Стахановшылар Кузьмин, Неробова және Грязина жолдастар тынбас тан белсене еңбек істеп, күнделік жұмыс жоспарын 250—300 процент орындап жүр.

Ә. НҰРЖАНОВА.

Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа қосылып, оқытушылар жас буындарға сапалы білім, саналы тәрбие беруге, ал оқушылар оқуды өте жақсы үлгіруге міндеттенген еді. Олар уәдесін іспен ақтады. Оқуды үлгіге алмай жүрген бірнеше оқушылар мереке алдындағы социалистік жарыста алдыңғы қатарлылардың қатарына қосылды. Мектепте түрлі үйірмелер ұйымдастырылып, оның жұмысы жолға қойылды. Мектептегі драма, хор үйірмелерінің жұмысы үлгілі жүргізілуде. Социалистік жарыста комсомол мүшелері авангардтық роль атқарып, басқаларға үлгі көрсетті.

Мереке алдында қол жеткен табыстарымызды дамыта береміз. Сөйтіп, жас буындарға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы борышымызды аброймен орындаймыз.

Н. СӘРСЕНОВА,

Петропавлдағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінің директоры.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 4 ноябрь. (ТАСС). Одақтасгардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген:

Вальхерен аралында одақтастардың әскер бөлімдері Домбургты дұшпанның тазартты. Кеше жаудың Флиссингенді қорғап тұрған полкінің командирі қолға түсірілді. Қаланың солтүстік жағында немістер әлі қарсыласуда.

Дохои ауданында қаланы дұшпанның тазарту ісі жүргізіліп жатыр.

Флиссингеннің батыс жағында одақтастар әскерлері Капелленің батыс жағындағы жағалауды бойлап алға басушы бөлімдермен қосылды.

Ауденбостың солтүстік жағында одақтастар әскерлері Мари өзенінің арғы бетіндегі табан тірейтін шептерін кеңейтіп, ішке қарай тереңдетті. Оостерауттың солтүстік жағында бұрын одақтастар алған табан тірейтін екі шепті қорғап тұрған бөлімдер біріне-бірі қосылып, немістердің күшті қарсыласуына қарамастан алға басты.

Одақтастар әскерлері Фоссенантан оңтүстік-батысқа қарай екі миль жердегі Шмидт қаласына келіп кірді.

Теңіз жағалауындағы Альпиде Соспед және Ментонның солтүстік жағындағы Италия шекарасы маңындағы биік азат етілді.

Одақтастар авиациясы жер бетіндегі әскерлерге жәрдемдесіп, дұшпанның Германия мен Голландиядағы соғыс орындарына бірсыпыра шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 4 ноябрь. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында: Италияда соғыс қыймылдары күзет жүргізумен тынды делінген.

Неміс өнеркәсіпшілерін тұтқынға алу

СТОКГОЛЬМ, 1 ноябрь. (ТАСС). «Свенска Дагбладет» газетінің Берндегі тілшісі «Ла Сюзесс» газетінің хабарын берді. Халбарда былай делінген:

«Фольксштурм» құрумен байланысты неміс өнеркәсіпшілері мен мемлекет басшылығы арасында үлкен келіспеушілік туып отыр. Гитлердің бұйрығы бойынша «Фольксштурм» Германияның 14 жастан 60 жасқа дейінгі барлық ерлерін мобилизациялайтындығы мәлім. Немістердің бірсыпыра көріекті өнеркәсіпшілері тұтқынға алынды. Тұтқынға алынған бес өнеркәсіпші өкмет орындарына өтініш берді. Бұл өтініш арқылы олар «Фольксштурм» туралы заңның өзгертілуін талап етеді, өйткені Германияда бұдан бұрын мобилизацияланған жұмысшылар аяусыз қулданылып отыр. Жұмыс күні мейлінше ұзақ, міне сондықтан да өнеркәсіпшілер, жұмыс уақытында немесе оған кейін жұмысшыларды әскери оқыту ісі өндіріс жұмысына нұқсан келтіреді деп есептейді. Мұнымен қатар өнеркәсіпшілер темір кені қорының таусылып келе жатқандығын ескертті. Өнеркәсіпшілер Германияның венгр бокситтерінен айырылып қалуы немістердің соғыс өнеркәсібі үшін тікелей қауіп туғызып отырғандығын да атап көрсетті.

Жауапты редактор

ОСНАНОВ.

«Ударник» кино-театрында.

Бүгін және күн сайын көркем суретті

«30Я»

Деген дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады.

Касса күндізгі сағат 3тен ашық.

«Октябрь» кино-театрында

Күн сайын

«ЖАЛҒЫЗ ЖЕЛКЕН АҒАРАҢДАЙДЫ»

Деген дыбысты фильм көрсетіледі.

Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады. Касса күндізгі сағат 3тен ашық.